«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№08-А-892/807
от 18.08.21

«Кулсары металлпромстройсервис»
ЖШС-не

Қазақстан Республикасы қаржы министірлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі –Департамент*) Сіздің 2021 жылғы 29 шілдедегі №116074 шағымыңыз бойынша *(30.07.2021 жылы №3Т-А-892 санмен тіркелген)* «Жылыой ауданы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* конкурс тәсілімен жарияланған №6004222-1 «*Құлсары қаласы 7 ауылдағы «Абай» Аллеяға ағымдағы жөндеу*» мемлекеттік сатып алу бойынша төмендегіні хабарлайды:

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасында *«мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы»* деп атап көрсетілген.

Осы ретте, Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб порталына орналастырылған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Қағида)* 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттамаға 1-3 қосымшасының 4 тармағында әлеуетті өнім берушілерге *«погрузчик-1, бортовой автомобиль-1, перфоратор-1, тракторы на гусеничном ходу-1, кран-1, подсобные рабочие-10, машинист-2, инженер строитель-1»* болуы туралы біліктілік талаптар қойылғандығы анықталды.

Сонымен қатар, КҚ-ның 5-1 қосымшасының *(біліктілігі туралы мәлімет)* ескертпесінің 1.1 тармағына сәйкес *«құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар және қолданыстағы объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады. Бұл ретте осы қосымшаның 4 және 5-тармақтарының талаптары мұндай әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды»* деп көрсетілген.

Камералдық бақылаумен, әлеуетті өнім беруші «Кулсары металлпромстройсервис» ЖШС-нің КҚ-ның 5-1 қосымшасының *(біліктілігі туралы мәлімет)* 1 тармағында құрылыс-монтаж жұмыстарына тиісті рұқсаты (хабарламасы) бар екендігі анықталды.

Осы ретте, әлеуетті өнім беруші «Кулсары металлпромстройсервис» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурстық комиссиямен конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес емес деп негізсіз танылғандығы анықталды.

Осыған орай, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жолданылды.

Камералдық бақылау жүргізу Қағидасының 21 тармағы негізінде, шағымыңызда мәлімделген дәлелдер шегінде қаралғанын хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221-III Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, осы жауапқа қанағаттанбаған жағдайда басқа да жоғары тұрған органдарға шағымдану құқығыңыздың бар екендігін хабарлаймыз.

Департамент басшысының орынбасары **Ж.Букаев**

Орын:А.Садыкова
Тел:87122 31 90 38